

**Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-111 "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 196/31-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 572 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 19-бабына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 1 шілдеде N 395 болып тіркелген, 2005 жылғы 5 шілдеде N 90 "Астана хабары", 2005 жылғы 9 шілдеде N 103-104 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 80/14-IV "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 12 мамырда N 532 болып тіркелген, 2008 жылғы 20 мамырда N 60 "Астана хабары", 2008 жылғы 20 мамырда N 58 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 9 шілдедегі N 115/18-IV "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 15 тамызда N 541 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 тамызда N 102 "Астана ақшамы",

2008 жылғы 21 тамызда N 99 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) шешімнің кіріспесі "мемлекеттік басқару" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын;

2) осы шешіммен бекітілген Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесінде 7 тармақ ж о й ы л с ы н .

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

	<i>А с т а н а</i>	<i>қ а л а с ы</i>
<i>мәслихатының сессия төрайымы</i>	<i>Н. Петухова</i>	
	<i>А с т а н а</i>	<i>қ а л а с ы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>В. Редкокашин</i>	